

**"Тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 111 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 22459 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20554 болып тіркелген, 2020 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізу қағидаларында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Заңның 15-7-бабының 2-тармағына сәйкес электр станцияларының тізбесіне енгізу үшін заңды тұлға жиынтығында мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) электр қуатының жабылмайтын тапшылығы бар және (немесе) болжанатын Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің аймағында жаңа электр қуаттары құрылады және 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға беріледі;

2) жаңа құрылған электр қуаттарында электр энергиясын өндіру үшін отын ретінде тауарлық газ пайдаланылады немесе пайдаланылатын болады;

3) жаңа құрылған электр қуаттары қуатты автоматты түрде реттеуге қосылады және реттеу диапазоны белгіленген қуаттан кемінде жиырма пайыз болады.

4. Заңды тұлға (бұдан әрі – Өтініш беруші) тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізу үшін уәкілетті органға жаңа электр қуаттарын автоматты түрде реттеуге қосу талаптарын қамтитын, жүйелік оператордың алынған немесе онымен келісілген техникалық шарттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне қосуға өтініш береді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың талаптарына және осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келген кезде уәкілетті орган оған

заңды тұлғаны қоса отырып, электр станцияларының тізбесін қалыптастырады және оны Заңның 5-бабының 70-38) тармақшасына сәйкес бекітеді.";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Заңды тұлға жүйелік оператор берген техникалық шарттарға сәйкес электр станциясын жиілік пен қуатты автоматты реттеу жүйесіне қосуды қамтамасыз етеді.

15. Заңды тұлға жүктемеге немесе түсіруге белгіленген қуаттың кемінде жиырма пайызы көлемінде жиілік пен қуатты автоматты реттеу жүйесіне қосылған электр станциясын реттеу диапазонын қамтамасыз етеді.";

Тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізу қағидаларына қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі*

Н. Ногаев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2021 жылғы 31 наурыздағы
№ 111 Бұйрығына
қосымша

Тұтынушыларды электр
станцияларының тізбесіне енгізу
қағидаларына
қосымша
Нысан

Тұтынушыларды электр станцияларының тізбесіне енгізуге арналған өтініш

Жобаның атауы: _____

_____ энергия
өндіруші ұйымды тізбеге енгізуді сұраймын Заңды тұлғаның атауы: _____

_____ Құқықтық мәртебесі және меншік түрі: _____

_____ Құрылтайшылар: _____

_____ Құрылған күні: _____

_____ Мекенжай, индекс, облыс, аудан, елді мекен, көше, үй, (кеңсе): _____

_____ тел.: _____ факс: _____

электрондық мекенжайы: _____ веб-сайт: _____ Банктік
деректемелер, есеп айырысу шоты, валюталық шот, банктік жеке коды,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

_____ Алынған және өтелмеген теңгелік және валюталық кредиттер: _____

_____ Қызмет түрі: _____

_____ Жұмыс істеушілердің нақты саны:

_____, соның ішінде: өндірістік қызметкерлер _____

_____; әкімшілік-басқару персоналы _____. Жоба міндетінің
сипаттамасы: _____

_____ Жаңа
электр қуаттарын енгізудің түпкі әсері: _____

Енгізілген немесе енгізілетін жаңа қуат туралы жалпы ақпарат*

					Енгізілетін негізгі өндіруші жабдықтың техникалық параметрлері

№	Ис-шараның атауы	Ис-шараның басталу күні (айы, жылы)	Ис-шараның аяқталу күні (айы, жылы)	Құны (млн. теңге)	Белгіленген электр қуаты, (МВт)	Белгіленген жылу қуаты, (Гкал / сағ)
1.						

Ескертпе: - кесте параметрлерінің сандық мәндері онға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

Электр станциясының жұмыс параметрлері туралы ақпарат (атауын көрсету)*

№	Белгіленген қуат,		Орташа жылдық қолда бар қуат,		Маневрлік қуат көлемі,	Босатуға арналған шартты отынның жоспарлы үлестік шығысы**	
	Электр (МВт)	Жылу (Гкал/сағ)	Электр (МВт)	Жылу (Гкал/сағ)	(+/- МВт)	Электр энергиясына (ш.о.г./кВтсағ)	Жылу энергиясына (ш.о.кг./Гкал)
1.							

Ескертпе: - кесте параметрлерінің сандық мәндері онға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі; ** - электр станциясының номиналды жұмыс режимінде.

Электр станциясының көрсеткіштері*

№	Кезең (Жыл)	Жоспарлы көрсеткіштер					
		Электр станциясының электр энергиясын босатуға арналған шартты отынның үлестік шығысының мәні (ш.о.г./кВтсағ)	Электр станциясының жылу энергиясын босатуға арналған шартты отынның үлестік шығысының мәні (ш.о.кг./Гкал)	Енгізілетін негізгі өндіруші жабдықтың қолда бар электр қуатының мәні (МВт)	Пайдалануға берілген негізгі өндіруші жабдықтың жұмыс істеу мерзімі (кезең соңы жағдайы бойынша қалған) (жыл)	Электр станциясының азот оксидтері шығарындыларының үлестік мәні (мг/м3)**	Электр станциясының күкірт оксидтері шығарындыларының үлестік мәні (мг/м3)**

Ескертпе:

* - кесте параметрлерінің сандық мәндері онға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

** - осы көрсеткіштер бойынша нысаналы индикаторлар Қазақстан

Республикасының экологиялық заңнамасының талаптары ескеріле отырып қойылады.

Ескертпе: Аббревиатуралардың толық жазылуы:

МВт - мегаватт;

млн.теңге - миллион теңге;

Гкал/сағ - гигакалория/сағат;

ш.о.г./кВтсағ - шартты отын грамы/кВт*сағат;

ш.о.г./Гкал - шартты отын грамы/ гигакалория;

ш.о.кг./Гкал - шартты отын килограммы/гигакаллория;
мг/м³ - миллиграмм/текше метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ